

Тауарлардың кедендік құнын айқындаудың резервтік әдісін қолдану кезінде пайдаланылатын ақпараттық анықтамалық туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 тамыздағы N 794 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 мамырдағы № 452 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.05.20 № 452 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 сәуірдегі Кеден кодексінің 314-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1 . М ы н а л а р :

1) "ЦЕНА-ИНФОРМ" жауапкершілігі шектеулі қоғамы ақпараттық-баспа фирмасының (Ресей Федерациясы) "Ценовая информация" ақпараттық бюллетені ;

2) Қазақстан азық-түлік өнімдерін өндірушілер одағының "Тамақ өнімдері бағаларының ақпараттық анықтамалығы" (Қазақстан Республикасы);

3) Қазақстандық сауда компаниялары мен тұрмыстық электр, компьютерлік техниканың және күрделі техникалық жүйелердің тауар өндірушілері қауымдастығы (ҚСЭКЖҚ) заңды тұлғалар бірлестігінің "Қазақстан Республикасына импортталатын тұрмыстық электр тауарларының бағалары бойынша ақпараттық анықтамалық ;

4) Еуразия экономикалық қоғамдастығының Сыртқы экономикалық қызметі тауар номенклатурасының 8702, 8703 тауар позицияларында жіктелетін және Еуропа елдерінің аумағынан импортталатын көлік құралдарының кедендік құнын айқындауға арналған "Superschwacke" каталогы "Eurotaxschwacke GmbH, Г е р м а н и я) ;

5) Еуразия экономикалық қоғамдастығының Сыртқы экономикалық қызметі тауар номенклатурасының 8702, 8703 тауар позицияларында жіктелетін және Америка Құрама Штаттарының аумағынан импортталатын көлік құралдарының кедендік құнын айқындауға арналған "Kelley Blue Book" каталогы (Kelley Blue Book Co, АҚШ) тауарлардың кедендік құнын айқындаудың резервтік әдісін қолдану кезінде пайдаланылатын анықтамалықтар ретінде белгіленсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2004.04.09. N 399 , өзгерту енгізілді - 2005.05.25. N 506 , 2006.04.17. N 290 (қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК